

сөздер де лексикамызға еніп, жаңа сөздер қатарын толықтырды. Тар мағынада қолданылған кәсіби сөздер, медициналық терминдер жалпыхалықтық сипат алып, күнделікті өмірде қолданыла бастады. COVID-19 тілін зерттеп, оның тілімізге әсерін бағалау болашақ зерттеулерде көрініс табады деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. С.А.Итеғұлова, А.Қ.Қожахмет. Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы. - Астана: «Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру әдістемелік орталығы», 2016. 150 б.
2. Saleh A. and Ahmad S. HAIDER. COVID-19 trending neologisms and word formation processes in English // Russian Journal of Linguistics. Amman, 2021. 27 p.
3. Қ.Алдашева. Қазақ тіл біліміндегі жаңа сөздердің зерттелуі және жүйеленуі // [Электронды ресурс]: <https://termincom.kz/articles/?id=86>
4. <https://sazalem.com/ru/track/kazaksha-terme-ne-zhaman-ne-zhetim>
5. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. – Алматы: РПК "Слон" DPS, 2012. Энциклопедия. 3-том. 736 б.
6. Б.Әлімжанов. Пандемия (поэма) // [Электронды ресурс]: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/60054> 2022.
7. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. - Алматы, 2011. Он бес томдық. 1-том. 752 б.
8. <https://sozdikqor.kz/soz?id=10027&a=ARAQASHYQTYQ>
9. Бринкерхов Д., Уейтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. 9-басылым. 464 б.
10. Б.Момынова, Б.Сүйеркүлова, А. Фазылжанова және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011. Он бес томдық. 7-том. 752 б.
11. Е.Сатқан. Таным: қатерлі індеттен қазақ қалай сақтанған?// [Электронды ресурс]: <https://baribar.kz/138836/tanym-qaterli-indetten-qazaq-qalaj-saqtanghan/>.
12. <https://sever-press.ru/2020/05/05/karantin-doslovnnoe-znachenie-jetogo-slova-i-ego-istorija/>
13. С. Янурик. Неологизмы английского происхождения в русском и венгерском языках коронавирусной эпохи // Санкт-Петербург, 2021. с. 526
14. А. Дәуіт. Амандық Баталов вируспен күрестегі сақтық шараларын күшейтуді тапсырды // [Электронды ресурс]: <https://egemen.kz/article/242795-amandyq-batalov-viruspen-kurestegi-saqtyq-sharalaryn-kusheytudi-tapsyrdy>.
15. <https://mangystautv.kz/kz/news/society/okushylar-mektepke-kaita-bardy#>
16. Бугреева Е.А. Эффективность вербального и невербального поведения в онлайн коммуникации периода «новой нормальности» // Service plus Scientific Journal. Санкт-Петербург, 2021. с. 27

ӘОЖ 378.147

Тіл үйретуде зоонимдерді меңгерудің маңызы

Урманова Ақмарал


Urmanova.akmaral@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, 7М01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»
білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Нұрсұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Ш.Қапантайқызы

Қазақ тілі – тамыры тереңде жатқан сөздік қоры бай тіл. Халықтың өміршеңдігі оның тілімен тығыз байланысты екені белгілі. Тәуелсіз Қазақстан үшін қазақ тілі мәселесі мемлекеттік деңгейде қолға алынып, оның қолдану аясын кеңейтуге барынша ат салысып жатыр. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан оны білу барлық Қазақстан азаматтарына міндеттеледі. Н.Назарбаев айтқандай: «Қазақ тілін білу бәсекеге қабілеттіліктің маңызды шарты болып саналады»[1]. Қазақ тілін білу арқылы тіл үйренушінің бойында коммуникативтік, тұлғалық, әлеуметтік құзіреттілік қалыптастырамыз. Тілді білген адам кез келген ортада өз ойын жеткізе алады, пікірталасқа түседі, тұлғалық позициясын айқындайды. Қазақ тілін үйрену арқылы сол тілдің мәдениетін, тарихын, ұлттық бояуын да ұғына алады. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету әдістемесіне қатысты оқу құралдары шығып жатыр. Алайда оқытудың тиімді жолы әлі жүйеге түспеген. Оған бірнеше себептер бар. Елімізде шығып жатқан оқулықтар академиялық және кәсіби бағытта жазылып жатыр. Ал жаңадан тіл үйреніп жатқан адамға ең алдымен, әлеуметтік қатынастағы тұрмыстық бағыттағы оқулықтар қажет деп санаймыз.


Тілді үйрену күнделікті ауызекі сөйлеуден басталу керек. Осы тұрғыдан жан-жануарлар атаулары негізгі тілдік бірліктерге жатады. Жануарлардың атауын білдіретін лексикалық бірліктер өздігінен алынады және тұрақты өрнектердің компоненттері ретінде әлемнің барлық тілдерінде кең таралған түрлердің біріне жатады. Сонымен бірге мәдениетаралық коммуникация аспектісінде әртүрлі лингвомәдени қауымдастыққа жататын жалпы тілдік тұлғалар ретінде қарастырылады. «Жануарлар» тілдік бірліктерін зерттеу осы бірліктерді мәдениеттің ұлттық белгілері ретінде түсінуге бағытталған лингвистикалық зерттеулердің өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Ұлттық реңкті, тұрмыс-тіршілікті көрсететін тілдік бірліктер ретінде жан-жануарлар атауларын қазақ тілін үйрету үшін қолдану өнімді жолдардың бірі болмақ. Өйткені қазақ халқы көшпелі өмір салтын кешкен және де мал шаруашылығы олардың негізгі күн-көріс көзі болған. Тілімізде төрт түлік малдың ерекшеліктері мен қасиеттерін көрсететін мақал-мәтелдер, ертегілер, тұрақты сөз тіркесі де көп кездеседі. Сондай-ақ адамның бет-бейнесін, мінезін суреттеу үшін жан-жануардың атауын қолданған. Бұл қазақтың жан-жануардың қасиетін терең білетінін, табиғатпен етене жақын екенін көрсетеді. Әрі қарай мақаламызда жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқулықтар жүйесін зерттеу нысанға алынды. Соның ішінде бастауыштың орыс сыныбына арналған қазақ тілі оқулықтарын саралай келе жан-жануарлар атаулары жүйелі түрде келмегені байқалады. Қазақ тіліндегі жан-жануарлар атауын мектеп бағдарламасында қандай әдістермен оқытылып жатқанын, әрі ол әдістеменің тиімділігін анықтау үшін біз ағылшын және орыс тілі оқулықтарындағы жан-жануарлар бөлімін қарап шығып, қызықты жаңа әдістерді синтездеп, сауалнама жасадық. Оған 17-35 жас аралығындағы 30 адам қатысты. Сауалнама жан-жануарлар атауларын үйретудің тиімді жолын анықтауға бағытталды. Ең алдымен ұлттық реңкті көрсететін тілдік бірліктерді білудің маңыздылығын айқындадық.

Қазақ тіліндегі жан-жануарлар атауын білу неліктен маңызды деген сұрақ қойылды. Респонденттердің 13,3% қоршаған ортаның құрамдас бөлігі болғандықтан білу керек депті. Ал 46,7% қазақ дүниетанымы төрт түлікпен тығыз байланысты деген жауапты таңдаған. Осы жауапқа қарап жан-жануарлар оның ішінде төрт түліктің қадірлі болуын түсінуге болады. Ішсең – сусын, мінсең – көлік, жесең – ет, кисең – киім деп ата-бабаларымыз төрт түліктің пайдасын айтып кеткен. Әсіресе «ат – ер қанаты» деп жылқы малына ерекше ықылас білдірген. Сауалнамаға қатысқан 40% жоғарыда аталған барлық жауап дұрыс деп белгілепті. Мал шаруашылығымен айналысты деген жауапты 1,40% таңдаса, барлығы деген жауап 40 пайызды құрады.



1-сурет «Қазақ тілін үйрену үшін жан-жануарлар атауын білу неліктен маңызды» деген сұраққа берілген жауаптардың пайыздық көрсеткіші

Жан-жануарлар атауларын қалай тез үйренуге болады деген сұраққа қатысушылар әр қилы жауап жазыпты. Мысалы, 26,7% видео материалдар арқылы депті. Видео материалдар арқылы бала көру, есту сезім мүшелері арқылы жақсы қабылдайды. Видео әсерлі әрі субтитры арқылы көрсетілсе, есте сақтау мүмкіндігі артады деп ойлаймын. Өйткені балада бір уақытта тыңдалым, айтылым, оқылым әрекеті орындалып жатыр. Психолог Лимана Қойшиеваның айтуынша: «Адамның ақпаратты қандай жолмен сіңіріп, жадына қалай жүктейтіні қандай сезімінің дамығанына байланысты. Кейбір жастардың естігенін есте сақтау қабілеті жетік болса, енді бірі көргенін есте сақтауға бейім келеді. Ақпараттық технологияның шарықтап дамуы адамның көру арқылы есте сақтау қабілетін жетілдіріп отыр»[2,48]. Мидың жақсы жұмыс істеуі үшін жазудың пайдасы зор. Оқыған кітаптың маңызды жерлерін сызып немесе жазып алсаң, есте сақталады екен. Кейбір адамдар ақпаратты жазу арқылы қабылдайды. Бізге жауап берген 30% қатысушы осы типтес адам болуы мүмкін. Ал, респонденттердің 26,7% кітап оқу арқылы десе, 16,7 % экскурсия кезінде көзбен көріп, қолмен ұстаған кезде тез үйренуге болады дейді. Экскурсия жасау – инновациялық оқыту әдісіне жатады. Жаңа технологияның тиімділігін зоопаркке экскурсия жасап, анықтауға болады.




2-сурет «Жан-жануарлар атауын қалай тез үйренуге болады» деген сұраққа берілген жауаптардың пайыздық көрсеткіші

Жан-жануарлар атауы халық тұрмысының бір бөлігі ретінде фольклордан орын алуы орынды. Ертегілер – әр халықтың тұрмыс-салтын, дәстүрін, мәдениетін дәріптейтін халық ауыз әдебиетінің түрі. Қазақ ертегілері, әлбетте, жан-жануарлардың қатысуымен болады. Бәрімізге белгілі «Алтын сақа» кейіпкері қотыр тайдың көз алымызда жүйрік атқа айналғаны білгілі.

Балаға аттың жасын, түсін, атауын қатар үйретеді. Осы ертегілер арқылы жан-жануарлар атауын үйрену тиімді ме деген сауалымызға қатысушылар бірауыздан «әрине» деп жауап беріпті.

Оқытудың инновациялық әдісі – рөлдік ойындар. Рөлдік ойындар баланың потенциалын анықтайтын өте тиімді тәсіл дер едім. Баланың сөйлеу дағдысы қалыптасып, коммуникацияға тез түсе алатын болады. Өзгені тыңдау, басқаның орнына өзін қою, оны түсіну, сыпайылық, кішіпейілділік деген қасиеттер қалыптасады. Бір орында ұзақ отыра алмайтын бастауыш сынып оқушылары үшін рөлдік ойындарды, жалпы ойындарды жиі ұйымдастырған жөн. Жан-жануардың рөліне кірген баланың есінде оның атауы мен кейбір қасиеттері қалады. Осы рөлдік ойындардың жан-жануарлардың атауын үйренудегі орны қандай деген сауалға 20% коммуникацияға түседі десе, 5,7% импровизаторлық қасиеті дамиды деген. Ал, 13,3 % сөздің мағынасын түсінеді деп ойласа, 60 % осы аталғандардың барлығы деген жауапты таңдаған.



3-сурет. «Рөлдік ойындардың жан-жануарлар атауын үйренудегі орны қандай» деген сұраққа берілген жауаптардың пайыздық көрсеткіші

Зерттеуіміздің дереккөзі ретінде қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулығы алынды. Бірінші сыныптың оқулығында «Аңдар», «Аю қандай?» бөлімдері бар. Керік, кірпі, арыстан, аю, піл, түлкі, қасқыр, қоян атаулары санмен қатар алынған. Сан мен аңның атауын салғастыра алып, Бұл не? Неше? деген сұрақтар қояды. Аңдар суретпен берілген. Оқушы екі керік, үш кірпі деп жауап беруі тиіс. Бұл бөлімде тыңдалым әрекеті көп берілген. Бала тыңдап, соны қайталауы керек. Баланың жасына сай таныс аңдарды келтірген. 20-ға дейін санауды кірістірген[3,24]. Бұл аңдардың керік пен пілден басқасы қазақ жерін мекен еткен. Керік пен піл тек зообақта ғана бар. Арыстанның саны мүлдем азайып кеткен соң, оны да зообақтан көреміз. Аталған аңдардың қазақ дүниетанымында алатын орны бар. Батырлар жырын оқысақ, «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» деген жолдар кездеседі. Бұл– сонау ескі заманнан келе жатқан теңеудің түрі. Батырды суреттеу үшін қолданған. Сол сияқты «қоян жүрек» - қорқақ, «аш қасқырдай жалаңдап» - тойымсыз, «аюдай ақырып» - қатты ашулану, «түлкі бұлғаңға салды» - қулыққа басты, «кірпідей жиырылып» - жақтырмады деген тіркестер бар. Бұның бәрі адамның бір мінезін, іс-әрекетін сипаттау кезінде қолданылады. Жабайы аңның мінезін танып, адамның іс-әрекетіне телу байқампаздықты көрсетеді. Бірінші сыныптың орыс тілі оқулығында лиса – рыжая, волк – злой, белка – пушистая, еж – колючий деп келтіреді[4, 10]. Оқушыға бірден аңның сипаттамасын қосып береді. Сонымен бірге олардың тұратын жерін, әрқайсысының қызметі мен пайдасын, қоректенетін асын көрсетеді. Орыс тілі оқулығында жан-жануар туралы толығырақ ақпарат берілген. 1-сыныптың ағылшын тілі оқулығында әріптердің реттілігімен жан-жануарлар атауы кездеседі. Dog, cat, fish, parrot, bear, elephant, snake, fox, penguin, camel, lizard, deer, monkeys,

horses, kangaroo, polar bear – алдыңғы екі оқулық сияқты топтастырылмаған. Бұл оқулықтың ерекшелігі суретті ертегі берілген. Ертегіні тыңдап, суретке қарап отырып, не болып жатқанын түсінуге болады. Ертегінің бәрінде жан-жануарлар келеді. Қысқа storytime «Count to ten!» арқылы санауды, аңдардың атын үйренуге болады. Осы ертегіні рөлге бөліп ойнауды ұсынады[5,43]. Балалар үшін бұл өте қызықты әдіс саналады. Түйе, пингвин, кесіртке, полярлық аюдың мекендейтін жерін табу деген тапсырма бар. Оқушы әрқайсысын өз мекен ететін жерінде бояуы тиіс. Бұл бояу арқылы ұсақ моториканы дамытса, тиістісін таңдау арқылы сыни ойлауды қалыптастырады. Жабайы аңдар мен үй хайуанатын топтастыру тапсырмасы баланың зейінін шоғырландырып, ойлауын дамытады. Оқулықта мемлекеттің символы саналатын жан-жануар көрсетіледі. Қазақстан – жылқы, Австралия – кенгуру, Қытай – пандасымен әлемге таныс. Бұл ассоциация әдісі, яғни кенгуру десе Австралия ойымызға оралады. Елтану 1-сынып оқушылары үшін қызықты тәсіл деп санаймын. Сәйкестендіру әдісімен тышқанның, маймылдың, қоянның, жылқының жейтін асын сызықпен қосу керек. Бала қолымен сызғандықтан екі суреттің арасындағы байланысты түсінеді деп ойлаймын. Жалпы ағылшын оқулығында аты аталған жан-жануарлар әр түрлі тапсырмада жиі кездеседі.

Сонымен үш оқулықты салыстыра отырып, ағылшын тілі оқулығында барынша жаңа әдістер мен тәсілдер қолданылғанын байқаймыз. Мысалы, cow-сиыр сөзін жаттау үшін бала сиыр туралы ән айтады, соған ұқсап билейді, мөңіреген дыбыс шығарады, суретін салады, ауызша сипаттайды, аяқтарын санап есеп шығарады, шытырманның ішінен cow сөзін іздеп табады. Осыншама әрекеттен соң, сиырды танымауы мүмкін емес. Жалпы кітап авторлары баланың креативті ойлауына баса назар аударған. Орыс тілі оқулығында да әдіс-тәсілдер жүйелі берілген. Оқушыларға жан-жануарлар атауымен бірге олардың мекендейтін жерлері, қоректенетін тағамдары т.б сәйкестендіру, сызба тапсырмалары арқылы көптеген ақпарат түсіндірілген. Ал қазақ тілі оқулығына келетін болсақ, жан-жануарлардың атауын үйретуге қатысты әлі де әдіс-тәсілдерді түрлендіруді ұсынамын. Мысалы, қолда ұстайтын жылқы, сиыр, түйе, ешкі, қой және олардың пайдасы туралы көбірек ақпарат берген дұрыс. Бірінші сыныптың оқушылары ойын арқылы тапсырманы жақсы түсінеді. Яғни жан-жануарлар атауларын үйретуде рөлдік ойындарды жиі пайдалану тиімді санаймын. Өзін армандаған және қиялдағы әлемдегі басты кейіпкерлер сияқты сезіну – кішкентайлар үшін көптеген артықшылықтар әкелетін нәрсе. Сонымен қатар балалар өздерін әртүрлі кейіпкерлердің орнына қою арқылы күш-жігерін жұмсап, сезініп, білдіруге мүмкіндік алып, айналасындағылармен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Бұдан шығатын қорытынды осындай дидактикалық тапсырмалар оқушылардың бойында шығармашылық, әртүрлі эмоцияларын, есте сақтау қабілеттерін дамытуға және ой-өрісінің қалыптасуына ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Калиаскарова Т. Пять проблем в изучении казахского языка: от мотивации до политики // Власть, 2012. №2.
2. Куражова И.В. Имена животных как отражение ценностей картины мира в английском лингвокультурологии: автореферат, 2007..
3. Хазимова Ә.Ж., Салыхова Б.О., Бейсебекова М.Ж. Қазақ тілі: Оқулық. Оқу қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын жалпы білім беретін мектептің 1-сынып оқушыларына арналған, Алматы: «Кітап баспасы», 2021. – 156 б.
4. Калашникова Т.М. Беспалова Р.Х. Русский язык.: Учебник для 1 кл.общеобразоват.шк.с каз. яз.обуч.- Алматы: «Кітап баспасы», 2019. – 156 с.
5. Jenny Dooley, Virginia Evans. Smiles English language Pupils Book: Grade 1 Express Publishing, 2016. – 100 p.